

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 1266 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі N 644 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 1266 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 49, 626-күжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

8-тармақтың екінші абзацы "жүзеге асырады" деген сөздерден кейін "және Үйлестіру кеңесі жүзеге асыратын қызмет, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру үшін және Үйлестіру кеңесі әзірлейтін шешімдер үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес дербес жауап береді" деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақтағы "оның отырысқа қатысушы" деген сөздер "міндетті түрде оның барлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің құрамында:

мыналар енгізілсін:

"Әбдімомынов - Қазақстан Республикасының Білім

Азамат Құрманбекұлы және ғылым вице-министрі

Ақанов - Қазақстан Республикасының

Айқан Ақанұлы Денсаулық сақтау вице-министрі

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Экономика

Марат Әпсеметұлы және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Қажыкен - Қазақстан Республикасы Индустрия

Мейрам Зекешұлы және сауда министрлігі Өнеркәсіп және

ғылыми-техникалық дамыту комитетінің

төрағасы

Кәкен - Қазақстан Республикасы Көлік және  
Қарлығаш Ғазизқызы коммуникациялар министрлігі Әкімшілік  
департаментінің директоры

Әубәкіров - "Қазақ зағиптар қоғамы" қоғамдық  
Байболат Абайұлы бірлестігі орталық басқармасының  
төрағасы

Исай - "Қазақ саңыраулар қоғамы" қоғамдық  
Тезекбай Ділдәбекұлы бірлестігінің президенті";

"Қаракұсова Гүлжан Жанпейісқызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, төрағаның орынбасары" деген жолдағы "төрағаның орынбасары" деген сөздер "төрайым" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Дүйсенова Тамара Босымбекқызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі" деген жол ", төрайымның орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген құрамнан Есімов Ахметжан Смағұлұлы, Айсина Майра Арапқызы, Діқанбаева Сәуле Әлкейқызы, Исаев Батырхан Арысбекұлы, Исекешев Әсет Өрентайұлы, Қошанов Ерлан Жақанұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі